

## 2013 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 19 наурыздағы N 84/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 наурызда N 3489 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы N 90/4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 28.03.2014 N 90/4 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 ақпандағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2013 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 509 Жарлығының 3-тармағына, Қазақ-стан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 ақпандағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2013 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 509 Жарлығын іске асыру туралы" N 235 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы "Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" N 620 қаулысына сәйкес, Павлодар облысында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу мақсатында Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылдың сәуір - маусым мен қазан - желтоқсан айларында әскерге шақырудан кейінге қалдыру немесе босатылу құқығы берілмеген 18-ден 27 жасқа дейінгі Павлодар облысының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және әскерге шақыруды өткізу қамтамасыз етілсін.

2. Облыс денсаулық сақтау басқармасы: ағымдағы жылғы 1 сәуірге дейін және 1 қазанға дейін Павлодар облысының жергілікті әскери басқару органдарына стационарлық емделуде және диспансерлік есепте тұрған әскерге шақырушылар туралы мәліметтерді ұсынсын;

азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің өтінімдеріне сәйкес медициналық комиссиялардың құрамында жұмыс істеу үшін әскери-дәрігерлік сараптамада тәжірибесі бар тиісті санаттағы медицина қызметкерлерінің қажетті санын бөлсін ;

ағымдағы жылғы 1 сәуір мен 30 маусым аралығындағы және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде облыстық жиналу пунктін шақыруға жататын азаматтарды рентгендік тексеруден өткізу үшін флюорографиялық қондырғымен қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Облыс ішкі істер департаментіне (келісім бойынша): ағымдағы жылғы 1 сәуір мен 30 маусым аралығындағы және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Павлодар облысының жергілікті әскери басқару органдарына тергеу, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе ішкі істер органдарында есепте тұрған және бас бостандығынан айырмастан жазалауға сотталған әскерге шақырылушылар туралы мәліметтерді ұсыну; әскерге шақырылушыларды әскерге жіберу және әскери бөлімдерге жөнелту кезінде облыстық әскерге шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қ а м т а м а с ы з е т у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Павлодар станциясының желілік ішкі істер бөліміне (келісім бойынша): теміржол станциясында отырғызу орындарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Облыс мәдениет басқармасы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қатарына шақырылған әскерге шақырылушыларды салтанатты түрде шығарып салу іс-шараларын ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

6. Облыс ішкі саясат басқармасы: шақыру науқанының басталуы және оның өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық жариялауды ұйымдастырылсын; облыс қалалары, аудандарының, ауылдық округтерінің аумағында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыру туралы көрнекі түрде үгіттеулер дайындасын және орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қалалар мен аудандар әкімдері: әскерге шақырылғандарды медициналық тексеру және шақыру комиссияларының жұмысы үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдеріне өтінімдерге сәйкес көлікпен, сондай-ақ тиісті санаттағы медициналық қызметкерлердің және техникалық қызметкерлердің қажетті с а н ы м е н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

әскерге шақырушыларды әскерге шақыру және бөлімдерге жөнелту кезеңінде әскерге шақыру пункттеріндегі жұмысқа тартылатын шақыру комиссияларының

мүшелеріне, медициналық персонал мен техникалық қызметкерлерге жұмыс орындарының, атқаратын қызметтері мен орташа еңбекақыларының сақталуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

8. Павлодар облысы әкімінің 2012 жылғы 26 наурыздағы "Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусым және қазан - желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 53/2 қаулысының күші жойылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 9 сәуірде N 3200 болып тіркелген, 2012 жылғы 17 сәуірде N 43 "Сарыарқа самалы" және 2012 жылғы 17 сәуірдегі N 43 "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланған).

9. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А. Ө р с а р и е в к е жү к т е л с і н .

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Е. Арын*  
"КЕЛІСІЛДІ"

Облыс қорғаныс істері  
жөніндегі департаментінің  
б а с т ы ғ ы *А. Қаленов*  
2013 жылғы 18 наурыз

Облыс ішкі істер  
департаментінің  
б а с т ы ғ ы *С. Құсетов*  
2013 жылғы 18 наурыз

Павлодар станциясындағы  
ішкі істер желілік бөлімінің  
б а с т ы ғ ы *А. Нағыманов*  
2013 жылғы 18 наурыз